

Султыгова Айна Магометовнаға жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайланау құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 24 ақпандағы № 2 шешімі

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай ауданының Жамбыл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Султыгова Айна Магометовнаға газ құбыры мен ГРПШ салу үшін, Қостанай ауданының Жамбыл ауылдық округі аумағында орналасқан, жалпы ауданы 0,0606 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. "Қостанай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауылдық округінің әкімі

Ж. Алтынсарин